

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2025 жылғы 12 – 16 мамыр



2025 жылғы 12 – 16 мамыр

Аптаның негізгі тақырыптары

01



Moody's АҚШ-тың
рейтингін төмендетті

02



Саудалық
уағдаластықтар аясында
қалпына келу

03



Жаһандық нарықтар


Moody's АҚШ-тың рейтингін төмендетті: фискалдық тәуекел алдыңғы қатарға шықты

Moody's АҚШ-тың тәуелсіз рейтингін Ааа деңгейінен Аа1 деңгейіне дейін төмендетті, ол тұрақсыз фискалдық саясатқа, өсіп келе жатқан дефицитке (жылына \$2 трлн жуық) және қарыз жүктемесін ұлғайту перспективасына сілтеме жасады. Осының аясында 30 жылдық қазынашылық облигациялар бір сәтке кірістіліктің 5% психологиялық белгісіне жетті, ал 10 жылдық облигациялар 4,50% деңгейінде орнықты.

Сарапшылар инвесторлар долларға қысымды күшейтіп және америкалық акциялардың тартымдылығын төмендетіп, ұзын облигацияларды сататын «айналмалы аю» сценарийі (bear steeper) туралы ескертеді. Опцион нарығы пессимистік көңіл күйді байқатады – трейдерлердің долларға қатысты көңіл күйі соңғы бес жылда нашар болды. Сонымен қатар Barclays өкілдері рейтингтік іс-әрекеттердің саяси мәні 2011 жылдан бастап төмендеді және Treasuries-те нақты жаппай сатылым болмайды деп есептейді.

Кірістіліктің өсуі ұзаққа созылуы мүмкін, бұл әсіресе капиталды көп қажет ететін секторларда акциялардың өсуін тежейді. Портфельдің облигациялық бөлігінің құрылымын қайта қарап, құбылмалылықты күшейтуге дайын болған маңызды.

Доходности гособлигаций США растут третью неделю подряд



Акция нарығы: саудалық уағдаластық пен төмендеп жатқан инфляцияның аясында қалпыну келу

АҚШ-тың негізгі индекстері күрт өсті. АҚШ пен Қытайдың арасындағы сауда келіссөздерінің ілгерілеуі негізгі қозғаушы күш болды, онда тараптар жаңа тарифтердің көпшілігін 90 күнге тоқтата тұруға келісті. Америкалық тарифтер 145%-дан 30%-ға дейін, қытайлық тарифтер 125%-дан 10%-ға дейін төмендейді.

Инфляция бойынша қалыпты деректер жарияланғаннан кейін күшті серпін жалғасты: тұтыну бағаларының индексі (CPI) жылдық көрсетілімде бар-жоғы 2,3%-ға өсті, ал базалық инфляция (core CPI) 2,8% деңгейінде қалып отыр.

Қосымша өндірушілер бағасының индексі (PPI) күтпеген жерден 0,5% м/м төмендеді, бұл компаниялардың тарифтік шығынын өтей отырып, әзірге босату бағаларының өсуін тежеп отырғанын айғақтауы мүмкін.

Актив	1-күн	1-апта	1-ай	YTD
KASE	0,00%	-1,22%	1,49%	1,26%
S&P 500	0,70%	1,95%	12,79%	1,30%
Nasdaq	0,52%	2,69%	17,96%	-0,52%
US Dollar Index	-0,28%	-0,96%	1,44%	-7,08%
S&P 500 VIX	-3,31%	-6,25%	-41,85%	-0,63%
U.S 10Y	2,00%	1,25%	4,53%	-0,96%
Nikkei 225	-0,71%	-0,42%	7,93%	-6,04%
Hang Seng	0,04%	-0,83%	9,16%	16,43%
STOXX 600	0,00%	0,88%	8,46%	8,20%
Dow Jones	0,78%	0,58%	8,97%	0,26%
Тауарлар				
Алтын	1,31%	0,03%	-2,98%	22,27%
Brent маркалы мұнай	-0,61%	0,08%	-4,34%	-12,90%
Криптовалюта				
BTC/USD	-0,33%	0,22%	21,26%	9,93%

Баға 19.05.2025ж. (11:00) жағдай бойынша өзекті
Дереккөз: Investing

Жаһандық нарықтар

Еуропада қор индекстері **АҚШ пен Қытайдың арасындағы сауда қақтығысының ушығуынан сентименттің жақсаруы аясында көтерілді**. Британ экономикасы **бірінші** тоқсанда **ЖІӨ-нің күтпеген күшті өсуімен қуантты** — тоқсанға қарағанда 0,7% қосты, бұл болжамнан 0,6% жоғары. Қызметтер, инвестициялар және экспорт өсімнің негізгі драйвері болды. Алайда еңбек нарығы салқындату белгілерін көрсетіп отыр: жұмыссыздық деңгейі 4,5%-ға көтерілді, жұмыспен қамтылғандар саны төмендеді, ал жалақының өсуі өткен жылғы қараша айынан бері ең төменгі мән — 5,6%-ға дейін бәсеңдеді. Англия Банкінің өкілдері инфляциялық қысымның тұрақты болуына алаңдаушылық білдіріп, **мөлшерлемелер нарықты күткеннен ұзақ уақыт бойы жоғары болуы мүмкін** деп мәлімдеді.

Қытайда қор нарықтары **АҚШ-пен тарифтік келіссөздерден оң нәтиже** алды. Алайда алғашқы раллиден кейін өсім бәсеңдеді, өйткені Бейжің тарапынан ауқымды **ынталандыру** шараларына деген **үміт әлсіреді**.

Мамыр айының басында Қытайдың Халық банкі міндетті резервтер нормативін және РЕПО операциялары бойынша пайыздық мөлшерлемелерді төмендетті, бірақ инвесторлар АҚШ-пен сауда келісімі пысықталғанша одан әрі қадамдар күтпейді.

Жалпы алғанда жаһандық нарықтағы көрініс **аралас күйінде** қалып отыр. Сауда аясының жақсаруы және инфляция бойынша қалыпты болжамдар аясында тәуекелді активтердің өсуі байқалады.

Шолуды дайындаған: Ануарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Бұл материалды тарату инвестиция жасау жөнінен кеңес беру қызметі емес. Бұл материалда берілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Бұл материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратты ғана негізге алмау керек. Осы материалда көрсетілуі мүмкін есептерді, тарихи деректер мен өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері бұқаралық ақпарат көздерінен алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындаған.

BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауы бойынша пайдаланады және тәуекелді өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыным және/немесе сату бойынша міндеттеме, мәміле жасасуға ынталандыру және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша клиентке ұсыным болып табылмайды.

Бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, олар туралы ақпаратты BCC Invest ұсынатын базалық активтердің әртүрлі түрлерімен туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі — «Қаржы құралдары») операцияларды жүргізер алдында осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуға тиіс және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік және өзге де кеңесшілерімен жан-жақты кеңес өткізуге тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатады, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекелдің салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңдық мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе клиенттің мақсаттарына, ниеттеріне және күткен нәтижесіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Сондықтан осы мәмілелер өзіне тиісті тәуекелдерді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын тұлғаларға арналған. Кез келген мәмілені жасасу алдында клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелдерді түсінетініне және оқиғалардың кез келген өрбуі кезінде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескеру қажет.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестициялар құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ұсынатын ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік немесе растама бермейді және қандай да бір жауапкершілік алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.